

ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ГИДРОНИМДЕР ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ
ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

А.Е. Егинбаева* PhD, доцент, Қ.Т. Сапаров г.ғ.д., профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: aeginbaeva@mail.ru

Мақалада Қарағанды облысы Шет ауданының гидронимдер жүйесі зерттеліп, 250-ден астам гидронимиялық атаулар мен терминдерге талдау жасалынды. Дала және шөлейт зонасының шекарасында орналасқан аумақтың табиғат жағдайлары мен ландшафт ерекшеліктерінен мол ақпарат беретін гидронимдердің маңызы жан-жақты сипатталды. Гидронимдік атаулар жергілікті жердің кеңістіктік сипаттамасын беретін бірден-бір белгі жүйесі қызметін атқарады. Зерттеу барысында гидронимиялық атаулар топтастырылып, аумақтың гидронимдер картасы нақты деректер негізінде құрастырылды.

Түйін сөздер: гидронимдер жүйесі, табиғи орта, микрогидроним, зерттеу әдістері, лимноним, потамоним, табиғи су көздері, жасанды су нысандары.

Қабылданды: 24.12.2022

DOI: 10.54668/2789-6323-2022-107-4-52-61

КІРІСПЕ

Гидрологиялық нысандарға қойылған атауларды топонимиканың ірі саласының бірі - гидронимия зерттейді. Гидронимия грек тілінде «гидро» - су, «оним» - атау деп аударылып, яғни су атаулары деген ұғымды білдіріп, өзендер мен көлдер, батпақтар, бұлақтар мен құдықтар т.б. гидрологиялық нысандар атауларының қалыптасуын зерттейді. Әр тілде қолданылатын гидронимдер өзіне тән гидрографиялық терминдер арқылы жасалады және ол терминдер су нысандарының түрлерін көрсетіп тұрады.

Су қорларын қорғау дәстүрі ерте заманнан бастау алады, көне заманның өзінде халықтар табиғат қорының сарқылатынын білгеннен кейін, табиғаттан тек қана ала бермей, оның орнын толықтырып, қайтадан қалпына келуіне көмектесу керектігіне көздері жеткен. Қазақ халқында халықтық табиғат қорғау дәстүрі ертеден бастау алып біздерге жеткен (Достай Ж., Мәмбеталиев К., 2005).

Жергілікті жердің табиғи ортасына бейімделу арқылы жер бедерін, климат ерекшеліктерін, су көздерін анықтау, өсімдік жамылғысы, жайылымдардың егжей-

тегжейлігін біліп пайдалануда қазақтардың көшпелі өмірі ықпал еткен. Табиғат жағдайының қолайсыздығынан туындайтын қауіп-қатерден малды аман алып қалуда ландшафт ерекшеліктерін белгілеу арқылы жүзеге асырды. Көшпелілердің күн көрісіне жергілікті жердің табиғи жағдайы: жер бедері элементтері, гидрография және климат ерекшеліктері, өсімдік жамылғысының құрамы және жабайы аңдар да септігін тигізген (Конкашпаев Г.К., 1951). Климат пен гидрографиялық жағдайды сипаттайтын атаулардың қалыптасуы шаруашылықты игеруде маңызды рөл атқарған.

**ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН
БАСТАПҚЫ МАТЕРИАЛДАР**

Адамдардың алғашқы қоныстары су нысандары маңында болғандығын қазіргі кездегі тарихи - археологиялық деректерден байқаймыз. Сондықтан да адамзат тарихында ең алғашқы географиялық терминдер мен атаулар су нысандарымен байланысты болған деп болжауға болады.


Су нысандары атауларына (гидронимдер) гидрографиялық терминдер негіз болады.

Гидронимдер құрамындағы термин арқылы су нысандарының түрін, сипатын және т.б. ерекшеліктерін анықтаймыз. Ғалым Н.В. Подольская гидронимдерді келесідей түрлерге ажыратқан: потамонимдер (өзен атаулары), лимнонимдер (көл атаулары), гелонимдер (батпақ атаулары), пелагонимдер (теңіз және оның бөліктерінің атаулары) (Подольская Н.В., 1988).

Негізгі зерттеу әдістеріне *сипаттау, тарихи, лексикалық-географиялық, салыстырмалы-географиялық, лингвистикалық, этнографиялық, статистикалық, картографиялық, геоақпараттық (ГАЗ)* әдістер жатады. Кез-келген топонимикалық зерттеулерде бұл әдістер қолданылады. Сонымен географиялық бағыттағы топонимикалық зерттеулерде негізінен географиялық ғылымдарда қолданылатын әдістер басым сипат алады. Атап айтсақ, Э.М. Мурзаев,

Е.М. Поспелов, В.С. Жекулин т.б. кеңестік ғалымдардың әдіс-тәсілдерін айтуға болады.

Қазақстан аумағында гидронимдер жүйесі В.Н. Попова, Т. Жанұзақов, Г.Б. Мадиеваның зерттеулерінде лингвистикалық тұрғыда, Ғ. Қоңқашбаев, Ж.Д. Достай, К.Д. Каймулдинова, А. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекова, Қ.Т. Сапаров, А.Е. Егінбаева, А.Г. Абдуллинаның зерттеулерінде географиялық тұрғыда талқыланды. «Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогының» 6 томы материалдарының негізінде Шет ауданының аумағында 253 гидронимдер жүйесі жинақталды (ҚР географиялық атауларының мемлекеттік каталогы, 2016). Гидронимдер құрамына потамонимдер саны – 106 атау, лимнонимдер – 10 атау, микрогидронимдер – 137 атаумен (80 – бұлақ атауы, 57 – құдық атауы) негізделген (сурет 1).



Сур.1. Шет ауданының гидронимдер жүйесі.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Шет ауданының басты өзендері: Шерубайнұра, Жақсы Сарысу, Жаман Сарысу, Мойынты, Атасу, Жәмші, Талды, Есен. Шерубайнұра – Нұра өзенінің солтүстік салаларының ең ірісі. Өзен орта ағысында Тоғалы, Жақсы Бұғылы, Бүйректі және Тектұрмас тауларының арасынан өтіп, осы таулардан бастауын алатын Талды, Шопа, Туматай өзендерін өзіне қосып алады. Шерубайнұраның ұзындығы 177 км, су жинау алабының ауданы –

12,8 мың шаршы шақырым. Шерубайнұра жоғарғы бөлігінде негізінен таулы-шоқылы аудандардың жарықшақты суларымен қоректенеді, ал Нұраға құяр тұсында кең аңғарда ағатын дала өзені Соқырдың сортаңды суын қосып алады. Шерубайнұраның жылдық ағыны 84 млн м³/с - ге жетеді. Атау дара мағыналы екі сөзден жасалған, бірінші Шерубай сыңары кісі есімінен жасалған. Ол көне түркі тіліндегі шери, алтай тіліндегі черу - «әскер», «армия» дегенді білдіретін сөз, ал ұйғыр, өзбек тілінде шерик деп аталып, «әскер, қолбасшы» деген мағына береді.

Бұл сөзге қазақ тіліндегі бай сөзі қосылып кісі есімі жасалған. Ал гидронимнің екінші Нұра сыңарын зерттеушілер монғолдың жыры дегенді білдіретін сөзі деп түсіндіреді (Жүнісов Д., 1991).

Жақсы Сарысу өзені – Қарағанды облысы Шет және Жаңаарқа аудандары жерімен ағып өтеді. Ұзындығы 113 км, су жиналатын алабы 3510 км². Сарыарқаның ортаңғы бөлігіндегі Бұғылы, Жақсы Тағылы тауларынан басталады да Сарысу өзеніне оң жағынан құяды. Қар және жер асты суларымен қоректенеді. Жоғарғы жағында арнасы тар келеді. Саға төңірегінде кеңейіп, жайылмасы қалыптасады. Ірі салалары – Ақсу (40 км), Нарбақ (28 км). Жылдық орташа су ағымы 0,33...0,67 м³/с. Қараша – сәуір айларында мұзы қатады. Ағынын реттеу және шабындықты көлдетіп суғару үшін Нарбақ саласы құйған жерінен шағын бөген салынған. Жақсы және сары + су сөздерінен жасалған. «Негізгі Сарысу өзенін құрайтын үлкен сала» ұғымын беретін атау.

Жаман Сарысу - өзен. Сарыарқаның батыс бөлігіндегі Жақсы (1081м), Шетшоқы (904 м) және Байназар (1046 м) тауларының етегінде бастау алып, Көктің көлін жарып ағады да Атасу кенті тұсында Сарысу өзеніне сол жағынан құяды. Өзен Сарысу алабында, Шет және Жаңаарқа аудандары жерімен ағып өтеді. Салалары: Құрманәке, Жаманөзек (39 км), Қарағанды (38 км), Қайрақты (36 км), Сұлуайса (30 км) және т.б. Ұзындығы 155 км, су жиналатын алабы 9200 км², жылдық орташа су ағыны 0,6 м³/с. «Негізгі Сарысу өзенін құрайтын кіші сала» мағынасындағы атау.

Мойынты – Солтүстік Балқаш алабында, Шет ауданы жерімен ағатын өзен. Қызылтас тауының оңтүстік етегіндегі бұлақтардан басталып, Балқаш көліне жетпей тартылып қалады. Оның ұзындығы 167 км, су жиналатын алабы 3640 км², орташа су ағыны 0,27 м³/с. Мойын (зат есім) + ты (зат есімнен сын есім тудыратын жұрнақ) тұлғаларының бірігуінен жасалған атау. Мойын сөзі көртеген түркі тілдерінде: ноғай, қарақалпақ, өзбек, түркмен, алтай, әзербайжан т.б. мойнак, моюн, бойун нұсқаларында топонимдер құрамында термин ретінде жиі қолданылады (Мурзаев Э.Н., 1984). Зерттеуші Ғ.Қоңқашбаев бұл атауды өзенмен бай-

ланыстырып «жіңішке, мойынға ұқсас», - деп тұжырымдайды (Конкашпаев Г.К., 1949).

Атасу – Сарысу алабындағы, Жаңаарқа және Шет аудандары жерімен ағатын өзен. Қызылту – Ұзынжал (Өзенжал) тауларындағы бұлақтардан бастау алып, Ақтүбек ауылынан төменіректе Сарысуға құяды. Ұзындығы 177 км, су жиналатын алабы 5920 км². Ата және су сөздерінің бірігуінен жасалып, «үлкен су, негізгі өзен, өзен басы» деген мағынадағы атау.

Жәмши - Қызылтас тауларының оңтүстік беткейінен бастау алып, Балқаш көлінің солтүстігіндегі Көкдомбақ көлінің тұсында құмға сініп кететін өзен. Өзен Солтүстік Балқаш алабында, Қарағанды облысының Ақтоғай және Шет аудандарымен ағып өтеді. Ұзындығы 117 км, су жиналатын алабы 1150 км², жылдық орташа су ағыны 0,86 м³/с. Жамшы атауымен мәндес. «Терең, өзек жерлер» мағынасындағы жам сөзімен сабақтас болуы керек, -шы көне түркі тілінде «су, шық» мағынасына ие. «Үлкен су», «ағын су», «терең өзен» ұғымдарына келеді (Т. Жанұзақ және т.б., 1989).

Талды өзені - Шет ауданы жерімен ағады. Ұзындығы 71 км, су жиналатын алабы 1730 км². Талды Қарағаш тауының солтүстік - батыс беткейіндегі бұлақтардан басталып, Нұраталды ауылынан төменде, Байпақ қорасы тұсында Шерубайнұра өзеніне құяды. Аңғары кең, арнасы көбіне тік жарлы. Ақсы, Байқасқа атты салалары бар. Жер асты, жауын-шашын суымен толығады. Сағасындағы жылдық орташа су ағымы 1,00 м³/с. Өзеннің бұлай аталуы, оның жағасының талды, тал-шіліктердің қалың өсуінен аталса керек.

Есен - Нұра алабында, Абай және Шет аудандары жерімен ағатын өзен. Арқалық тауының оңтүстік - батыс сілемдерінен басталып, Есенкелді ауылының тұсында Нұра өзеніне құяды. Ұзындығы 85 км, су жиналатын алабы 3430 км², жылдық орташа су ағыны 0,12 м³/с. Ру атынан қойылған атау.

Талдыеспе - Қосмұрын тауларының оңтүстік - шығыс бөлігінде, Шет ауданындағы өзен. Тал (зат есім)+ды (сын есім қосымшасы)+еспе (зат есім) тіркестерінен жасалған атау. Тал өскен, жер бетіне шығып жатқан еспе - су деген мағынадағы атау.

Топоним құрамындағы еспе сыңары географиялық термин ретінде қолданылады. Қазақстанның әр аймағында аздаған жергілікті ерекшеліктер бар. Оңтүстікте еспе деп құмға қатыстырып айтады, жел тұрғанда көтеріліп, есілетін құмдары еспе құм дейді. Орталық Қазақстанда еспе сөзі көбінде су нысандарына байланыстырып айтылады, *Ғ. Қоңқашбаев* еспе терминін «көктемгі су тасу кезінде арнасын қатты шайып, жазда тартылып жылымдарға (қарасу) айналып кететін өзен» ретінде қарастырады (*Қоңқашбаев Ғ.К., 1951*).

«*Мұқыр*» сөзі әртүрлі нысандарға ортақ атау болып табылады. *Мұқыр* - өзен атауы, оның қысқа екендігін білдіреді. *П.С.Паллас*, *А.И. Левшин* еңбектерінде «*мур*» қалмақ сөзі жылғаның қып-қысқа атына сәйкес келетінін атап көрсетеді (*Левшин А.И., 1996*). *Е. Қойшыбаевтың* пікірінше, атау түркі тайпаларының атынан қойылған болуы мүмкін деп болжайды (*Қойшыбаев Е., 1985*). *Ғ. Е. Қоңқашбаев* бұлатау «*келте, ешқайда құймай, айдалаға сіңіп, жоғалып кететін өзен*» мәнін береді деп жазды (*Қоңқашбаев Ғ.К., 1949*).

Қара, ақ сөздері гидронимдер құрамында жиі кездесіп әртүрлі мағынада айтылады. Шет ауданында қара түске байланысты гидронимдер саны – 20 (*Қараеспе өзені, Қаражартап өз., Қарамыс - 2 өз., Қараөзек өз., Қарасай өз., Қаратал өз., Қарасу өз., Қарамола – 2 бұлағы, Қараөзек бұл., Қарауңгір бұл., Қарақұдық құдығы*), ақ түске байланысты – 17 (*Ақбастау өз., Ақсу - 2 өз., Ақөзек өз., Ақсай өз., Ақбұлақ бұл., Ақсайбұлақ бұл., Ақсоран бұл., Ақтасты бұл., Аққұдық құд., Аққұлық құд., Ақдала құд., Ақтөбе құд.*), сары түске байланысты – 8 (*Жақсы Сарысу өз., Жаман Сарысу өз., Сарыбұлақ өз., Сарыкөл көлі, Сарыбұлақ бұл.*), қызыл түске байланысты – 5 (*Қызылжартап өз., Қызылқой өз., Қызылқақ кө., Қызылбұлақ бұл., Қызылқайнар құд.*), көк түске байланысты – 3 (*Көктіңкөлі кө., Көкатсойған бұл., Көкқұдық құд.*) кездеседі. Аталған түстерге байланысты сөздер түрлі жер бедері атаулары мен географиялық атауларға тіркесе отырып, гидронимдік атауға айналды. Негізінен олар гидронимдердің түр-түсін, сипатын білдіреді. Академик *А. Н. Кононов* «көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп


қоймай, белгілі бір мағынаға ие болады. Ақ – «ағу, ағын», қара – «қара жер», яғни Ақсу – «аққан, ағын су» білдіреді» десе (*Кононов А.Н., 1954*), *Е. Қойшыбаев* түсті білдіретін ақ, қара, ала, жирен, көк, сары сияқты сөздердің түстен басқа өзіндік мағынаға ие екендігін дәлелдеді (*Қойшыбаев Е., 1985*). Ғалым *Э. М. Мурзаев* Қарасу, Қарабұлақ гидронимдеріндегі қара сөзі «қарапайым», «жай, әншейін» деген мәнге ие деп жазды. Сонымен қатар *Көкбұлақ, Көкқұдық, Көкөзен, Көктұма* сияқты гидронимдік атаулардың құрамындағы көк түстен басқа «аспан, тәңірі» мәнін білдірсе, *Сарыбастау, Сарыбұлақ, Сарысу, Сарыкөл* атауларындағы сары // сар сөзі «кең», «байтақ», «үлкен»; ал түркі – моңғол тілдерінде «сара», «айқын», «ашық» білдіреді деп атап өткен (*Мурзаев Э.Н., 1984*).

Өзеннің түсі жер бедері, топырақ жамылғысына байланысты ақ, қара, көк түсті өзендер жоғарыдан қарағанда бірден байқалады. *Сарыөзек* өзен атауы, көктемде еріген қар суымен қоректеніп, лайлы түсі сары болып көрінетіндіктен аталса керек. Ақсу – Бұғылы тауларының батысында, Шет ауданының өзендерінің бірі. Зерттеушілердің пікірінше, Ақсу атауы судың «ақ түсін» білдірмейді, «оның ағынын, тау басынан өз арнасының төмен қарай ағып келетін қардың суы» екенін көрсетеді (*Мурзаев Э.Н., 1984*).

Микрогидронимдерге көптеген анықтамалар *В.В. Радлов* еңбектерінде беріліп, түрік тілінде сөйлейтін халықтардың ортақ атаулардың ұқсастығын зерттеген (*Радлов В.В., 1899*). Көшпелі мал шаруашылығымен шұғылданған түркі - моңғол тілдес тайпалар су көздеріне ерекше мән бере отырып, қастерлеген. *В.А. Казакевич* моңғол және түрік халықтарында көшпелі мал шаруашылығымен айналысқандығын атай отырып, «*бұлақ*», «*құдық*» терминін жиі атап көрсеткен (*Казакевич В.А., 1934*). Қазақ терминдері басқа да түркі халықтарының географиялық терминологиясының құрамында *Э.М. Мурзаевтың* еңбектерінде талданды. География ғылымы тұрғысынан қазақ географиялық терминдерін алғаш рет топтастырып, мағынасына анықтама берген *Ғ.Қ. Қоңқашбаевтың* зерттеу жұмыстарының алатын орны ерекше.

Микрогидронимдерге жататын бұлақ атаулары: жер бедері, түсі, дәмі, қасиетіне, қозғалысына, құдық көлемі, тереңдігі орналасқан жеріне, сонымен қатар діни наным, оқиға, өсімдік, жануарлар, адам, ру-тайпа атына байланысты қойылады. Зерттеу нысанына айналған Шет ауданы аумағында та-

биғи су көздеріне жататын 80 атау, жасанды су көздерін негіздейтін 58 атауды анықтадық. Гидронимдер құрамындағы терминдердің нақты табиғат жағдайларымен байланысын анықтау мақсатында біз Шет ауданының гидронимдер құрамын анықтадық (сурет 2).



Сур. 2. Шет ауданы гидронимдеріндегі терминдердің сандық көрсеткіштері.

Шет ауданы гидронимдер құрамындағы терминдердің үлес салмағын талдау барысында топоним құрауда белсенді (бұлақ, құдық), белсенділігі орташа (су, өзек) және белсенділігі төмен (сай, көл, ащы) терминдер анықталды.

Аумақта кеңінен таралған гидрологиялық нысандардың бірі – бұлақтар. Бұлақтар тау бөктерлері, аңғарлар мен өзен жайылмалы, сағалар мен салаларда шоғырланған. Табиғи су көздерін зерттеу барысында ақпараттық мазмұны мен табиғат жағдайларындағы таралу заңдылықтары анықталды.

Бұлақ, құдық атаулары қазақтың дәстүрлі шаруашылығында жиі кездесіп, ерекше орын алады. Бұлақ, қайнар, бастау, көз, жылға, тұма атаулары аймақтарда жиі кездеседі. Г. И. Донидзе зерттеулерінде «бұлақ» түрік және түркмен тілінде «чешмә», өзбекше «чашма», башқұрт - татар тілінде «шишмә», «Чишмә», басқа түркі тілдес халықтарда «бүләк», «булак» және «қарасуг» фонетикалық тұрғыдан бұлақ, қайнар, көз, жылға атауларына сәйкес кел-


етінін атап көрсеткен (Донидзе Г.И., 1985).

Аудан бойынша бұлақ (55 атау) терминінің гидронимдер құрамында ең көп кездесуін аласа таулар мен ұсақ шоқылар, денудациялық жазықтар жағдайында жер үсті сулардың негізгі көзі бұлақтар болатындығымен түсіндіруге болады (сурет 3).

Жергілікті географиялық атауларда кездесетін өзен тармағын немесе ескі арнаны өзек деп атайды. Ақөзек, Қараөзек, Жаманөзек өзен атаулары түстен басқа жер бедері, суының қасиеті арқылы ерекшеленіп отыр. Е. Қойшыбаев түсті білдіретін ақ, қара, жирен, ала, көк, сары сөздерінің түстен басқа өзіндік мағынаға ие екендігін дәлелдеп берді (Қойшыбаев Е., 1985).

Ащыөзенөзенатауыөзенсуыныңқасиетінанықтап тұздылығыжөніндехабарбереді. Ащы термині арқылы қалыптасқан өзен - көлдер жағасындағы сортаңды ойыстарда тұз бен ылғал сүйгіш өсімдіктер өседі.

Мұндай өсімдіктер жамылғысы малды семірту үшін жақсы азық болып табылады.



Сур. 3. Шет ауданының микрогидронимдер картасы (құрастырған Қ.Т. Сапаров).

Ғ. Қоңқашбаев ащы терминін (мал ащыда жатыр) жайылымдық термин ретінде қарастырады. Ащы термині Ащыөзен, Ащысу, Ащықұдық, Ащыайырық топонимдері судың химиялық қасиетінен мол ақпар береді. Гидрографиялық сай терминіне ғалым Е. Керімбаев былай анықтама береді: орографи-

ялық негізде қалыптасып, лексеманың ұзақ эволюциялық үдеріске ұшырап, тасты жазық, арна, өзен, жылға т.б. мағынаны білдіретінін және олардың жер бедерінің төменгі бөлігінен ағып шығып өзара байланыста жатқанын айтады (кесте 1) (Керімбаев Е.А., 1995).

Гидронимдік терминдердің топонимдер құрамындағы белсенділігі

Саны	Өзен атаулары
106	Айнасу, Аймаш, Айса, Ақбастау, Ақсу ² , Ақкиік, Ақөзек, Ақсай, Алабас, Алабұға, Алтуайт, Апарсу, Аршалы, Атасу, Ащыайырық, Ащыөзен, Ащысу, Аккөлқора, Апарсу, Байқара, Бабан, Батық, Байқасқа, Бала Шідерті, Бесбалдақ, Белқойтас, Берекетті, Бидайық, Боялысай, Былқылдақ, Дария, Есен, Егіндібұлақ, Екімыстай, Еспе, Жағайбайлы, Жақсы Сарысу, Жаманөзек, Жаман Сарысу, Жамансай, Жарқынбай, Жартас, Жәмші (Жаман, Қарасай), Күшік, Қайрақты, Қарабидайық, Қарағанды, Қараеспе, Қаражартас, Қарамыс ² , Қараөзек, Қарасай, Қаратал, Қойкөл, Қоржар, Қоспақ, Қосбейіт, Құланшат, Құрманәке, Қулық, Қызылқой, Қызылжартас, Қарабұлақ, Қарақұдық, Қарасу, Кіндіккескен Қарасу, Күшік, Манақ, Мәдинә, Мойынты, Момынай, Мұқтар, Мұқыр, Нарбақ, Наршөккен, Нұртайөзек, Өзек, Өзен, Сабаксу, Сарыжанқашқан, Сарыбұлақ, Сарыөзек, Сатық-Қарөзек, Сұлуайса, Сұлу Манақ, Сарық, Талды, Талдыеспе, Тескенсу, Тікенекті, Туматай, Ұзынағаш, Ұзынбұлақ, Үнірек, Шажағай, Шалғынбай, Шерубайнұра, Шиөзек, Шолақеспе, Шопан, Шортанды, Шотан, Шүмек, Шығыр.
Саны	Көл атаулары
10	Айнабұлақ, Айнатай, Басынкөл, Бидайық, Кесік, Көктіңкөлі, Қызылқақ, Қарасу, Сарыкөл, Тақырбұлақ
Саны	Бұлақ атаулары
80	Айнабұлақ, Алтыапан, Ақбұлақ, Ақсай, Ақсайбұлақ, Ақсораң, Асқарбұлақ, Ақтасты, Байғасан, Байдаш, Бәкенбұлақ, Белкұдық, Бірайна, Былқылдақ, Егінжал, Елшібек, Егіндібұлақ, Ергендібұлақ, Ешкіаман, Дарыққұдық, Жаманқұдық, Жанасқұдық, Жарыққұдық, Жолдас, Жыланды, Керегетасбұлақ, Керуенбұлақ, Кіндікбұлақ, Қайқанбұлақ, Қайрақты, Қараағашбұлақ, Қарамола ² , Қараөзек, Қараүңгір, Қасқабұлақ, Қаштал, Қосбұлақ, Қосбереке, Қызылбұлақ, Керуенбұлақ, Киіксу, Кіндікбұлақ, Кіндіккескен Қарасу, Көкатсойған, Көпжал, Майлыбұлақ, Майнабұлақ, Молалыбұлақ, Милыбұлақ, Мойынсу, Мүкібай, Ожарсу, Ортабұлақ, Сазбұлақ, Сақабұлақ, Сарыбұлақ, Сасықбұлақ, Суықбұлақ, Табақ, Табақбұлақ, Тақырбұлақ ² , Тасапан, Тасбай, Тасбұлақ ² , Тасжарған, Тастыбұлақ, Текебайбұлақ, Тоғандыбұлақ, Төрбұлақ, Ұзынбұлақ, Үйбұлақ, Үлкенбұлақ, Үнірек, Үшбұлақ, Үштарау, Шортанды, Шолақбұлақ
Саны	Құдық атаулары
57	Аққұдық, Аққұлық, Ақбұлақ, Ақдала, Ақтөбе, Алақұдық, Апанқұдық, Ащықұдық, Байдәулет, Баршатікен, Бейітқұдық, Бұлаққұдық, Екіжолқұдық, Жақсықұдық, Жаңақұдық ² , Жаманқұдық, Дарыққұдық, Жерікқұдық, Кенжебай, Кеңқұдық, Көкқұдық, Көліқожа, Көпшоқыр, Көрқұдық, Қамысқұдық, Қарақұдық, Қасқабұлақ, Қораз, Қосқұдық, Қошқайнар, Құдықтау, Қызылқайнар, Майқұдық, Молалы, Молалыбұлақ, Мұтыртүбек, Нәдір, Ноғайқазған, Ортақұдық, Сарыбұлақ, Сорбұлақ, Сорқұдық, Суықбұлақ, Суыққұдық, Талпақбұлақ, Тастыапан, Тастықұдық, Теренқұдық, Тұздықосқұдық, Тұздықұдық, Үлкенжол, Үлкенсор, Үлкенши, Шайқұдық, Шикұдық, Шукұдық

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарағанды облысының орталық бөлігін алып жатқан Шет ауданының гидронимиясы күрделі құрылымымен және кеңістіктік таралуымен ерекшеленеді. Гидронимдік атауларды құрайтын терминдер мен басқа да сөздер жергілікті ерекшеліктерге: жер бедерінің сипатына, тау жыныстарының құрамы мен құрылысына, климат пен гидрологиялық жағдайға, органикалық дүниенің шаруашылық үшін маңызды элементтеріне де байланысты болады. Біздің зерттеулерімізде Шет ауданы бойынша гидронимдер жүйесі қарастырылып (көл, өзен, микрогидронимдер т.б.), кесте және карта жүзінде беріліп нақты деректер арқылы дәлелденді. Өзен атауларында су көздерін пайдалану жүйесі дәстүрлі мал шаруашылығының біршама жақсы дамығанын аңғартады. Қазақ халқының көпжылдық тәжірибесі мен өмірі гидронимдерде айрықша із қалдырды. Шет ауданы бойынша 106 өзен, 10 көл, 57 құдық, 80 бұлақ атаулары анықталды. Қорытындылай келе айтарымыз құдық, бұлақ, көз, қайнар т.б. микрогидронимдер топтамасы аудан аумағындағы гидронимдер жүйесінің негізін құрайтыны анықталынып, негізгі геоэкологиялық нысандар болып табылатынын аңғартты. Қазіргі таңда Шет ауданының су нысандары атауларының жасалу жолдары мен шығу тарихы туралы нақты деректерді жинақтап, зерттеу қажеттілігі маңызды болып отыр. Су атауларының этимологиясын зерттеуде лингвистикалық, тарихи көзқарастармен қатар, географиялық негіздерін де ескерген жөн деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Донидзе Г.И. Об аффиксальном словообразе в тюркской топонимии // Ономастика Востока. – М., Наука 1980. – С. 89-97.
2. Достай Ж., Мәмбеталиев К. Қазақтану және топонимика. Қазақтану өрісі: оқу құралы / ред. Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 б.
3. Жанұзақ Т., Айтбаев Ө., Абдірахманов А., Әбілқасымов Б. Орталық Қазақстанның жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.

4. Жүнісов Д. Өзен - көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 129 б.
5. Казакевич В.А. Современная монгольская топонимика. – Л., изд. АН СССР, 1934. - 34с.
6. Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
7. Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины. Автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1949. - 15 с.
8. Конкашбаев Г.К. Казахские народные географические термины // Изв. АН Каз. ССР, сер. географ. – 1951. – Вып.3. – С. 3-47
9. Кононов А.Н. О семантике слов «кара» и «ак» в тюркской географической терминологии // Известия отд. общ. наук АН ТуркССР / Вып 5., 1954. - С. 83-85
10. Қазақстан Республикасының географиялық атауларының мемлекеттік каталогы. Қарағанды облысы. 6 том. - Алматы, 2016. – 311б.
11. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы, 1985. – 256 б.
12. Левишин А.И. Описание киргиз-казахских, или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 656 с.
13. Мурзаев Э.Н. Словарь народных географических терминов. – М.: Мысль, 1984. - 653 с.
14. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. 2-изд., перераб. и доп. – М.: Наука, 1988. - 192 с.
15. Радлов В.В. Опыт словаря тюркский наречий. – СПб. 1899. – Т. 2, ч. 1. – 340 с.

REFERENCES

1. Donidze G.I. Ob affiks'al'nom slovoobraze v tyurkskoi toponimii // Onomastika Vostoka. – M., Nauka 1980. – p. 89-97.
2. Dostai Zh., Mambetaliev K. Қазақтану және топонимика. Қазақтану өрісі: оқу құралы / ред. Ж. Молдабеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 204 p.
3. Zhanұзақ T., Aitbaev Ө., Abdirakhmanov A., Әbilқасымов B. Орталық Қазақстанның zher-su attary. – Алматы: Fylym, 1989. – 256 p.
4. Zhynisov D. Өзен - көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 129 p.
5. Kazakevich V.A. Sovremennaya mongol'skaya toponimika. – L., izd. AN SSSR, 1934. - 34 p.

6. *Kerimbaev E.A.* Kazakhskaya onomastika v etnokul'turnom, nominativnom i funktsional'nom aspektakh. – Almaty, 1995. – 248 p.
7. *Konkashbaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy. Avtoref. dis. ... kand. filol. nauk. – Alma-Ata, 1949. – 15 p.
8. *Konkashbaev G.K.* Kazakhskie narodnye geograficheskie terminy // *Izv. AN Kaz. SSR, ser. geograf.* – 1951. – Vyp.3. – p. 3-47
9. *Kononov A.N.* O semantike slov «kara» i «ak» v tyurkskoi geograficheskoi terminologii // *Izvestiya otd. obshch. nauk AN TurkSSR / Vyp 5., 1954.* – p. 83-85
10. Kazakstan Respublikasynyn geografijalyk ataularynyn memlekettyk katalogy. Karagandy oblysy. 6 tom. – Almaty, 2016. – 311 p.
11. *Қоішыбаев Е.* Қазақстанның зher-su attary sezdigi. – Almaty, 1985. – 256 p.
12. *Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kazach'ikh, ili kirgiz-kaisatskikh ord i stepei. – Almaty: Sanat, 1996. – 656 p.
13. *Murzaev E.N.* Slovar' narodnykh geograficheskikh terminov. – M: Mysl', 1984. – 653 p.
14. *Podol'skaya N.V.* Slovar' russkoi onomasticheskoi terminologii. 2-izd., pererab. i dop. – M.: Nauka, 1988. – 192 p.
15. *Radlov V.V.* Opyt slovarya tyurkskii narechii. – SPb. 1899. – T. 2, ch. 1. – 340 p.

ГЕОГРАФИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИЗУЧЕНИЯ СИСТЕМЫ ГИДРОНИМОВ ШЕТСКОГО РАЙОНА

А.Е. Егинбаева* PhD, доцент, **К.Т. Сапаров** д.г.н., профессор

НАО Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
E-mail: aeginbaeva@mail.ru

В статье изучена система гидронимов Шетского района Карагандинской области, проведен анализ более 250 гидронимических названий и терминов. Всесторонне охарактеризовано значение гидронимов, дающих обширную информацию из природных условий и особенностей ландшафта территории, расположенной на границе степной и полупустынной зон. Гидронимические названия служат единственной знаковой системой, которая дает пространственное описание местности. В ходе исследования были сгруппированы гидронимические названия и составлена карта гидронимов территории на основе фактических данных.

Ключевые слова: система гидронимов, природная среда, микрогидронимы, методы исследования, лимноним, потамоним, природные источники воды, искусственные водные объекты.

GEOGRAPHICAL BASIS FOR STUDYING THE SYSTEM OF HYDRONYMS OF THE SHET DISTRICT

A.Ye. Yeginbayeva* PhD, associate professor, **K.T. Saparov** doctor, professor

NAO L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
E-mail: aeginbaeva@mail.ru

The article studies the system of hydronyms of the Shet district of the Karaganda region, analyzes more than 250 hydronymic names and terms. The significance of hydronyms, which provide extensive information from the natural conditions and landscape features of the territory located on the border of the steppe and semi-desert zones, is comprehensively characterized. Hydronymic names serve as the only sign system that gives a spatial description of the area. In the course of the study, the hydronymic names were grouped and a map of the hydronyms of the territory was compiled based on actual data.

Keywords: system of hydronyms, natural environment, microhydronyms, research methods, limnonym, potamonym, natural water sources, artificial water bodies.